

**Кері байланыс –
жаңа форматтағы
сабақтың
маңызды бөлігі**




МАҚСАТЫМ:

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ
РЕФЛЕКСИВТІ
ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН
МЕҢГЕРУДЕ
ӘРІШТЕСТЕРДІҢ
МОТИВАЦИЯСЫН
ЖОҒАРЫЛАТУ**

Сіздердің мақсаттарыңыз ше?





*Жүрекке де айна керек.
Күніне бір мәрте немесе
аптасына,
тым болмаса айына
өз-өзіңнен есеп ал...
Көкіректе сәулесі
жоқтың, көңілде сенімі
жоқ*

Абай



**Кері байланыс
деген не?**

Кері байланыс – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі

«Сырт көз сыншы» дегендей, мұндай сырт пікірдің өз әрекеттеріңді реттеуге, жақсартуға тигізетін септігі өте жоғары. Сол себепті бүгінде кері байланыс үйренудің (білім алу жүйесінің) маңызды ұғымы деп есептелінеді. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер, әсіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу ісінде өте құнды болып табылады.

Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат:

**Оқушының саналы ішкі
рефлексиясын даярлау, сол арқылы
қазіргі кездегі маңызды болып
саналатын өз бетімен еңбектену,
бәсекеге қабілетті болу, алғырлық
сияқты қабілеттерін дамыту**

Рефлексия дегеніміз не?

**Кері байланыстан
айырмашылығы бар ма?**

Рефлексия –өз жұмысыңа
талдау жасау. Жалпы айтқанда –
өзіңмен өзің сөйлесу.

Не істедім?

Қандай мақсатпен?

Неге солай жасадым?

Қандай нәтиже алдым?

Қалай істесем дұрыс болады?

Қазіргі бағалау жүйесі жайында не айта аласыздар?

Икемді

Көпқұралды

Түсінікті

Психологиялық тұрғыда жайлы

Екі жақты: жиынтық және

қалыптастырушы болуы тиіс

**Формативті (қалыптастырушы)
бағалауды қалай түсінесіздер?**

Формативті бағалау мәселелерін зерттеушілер Брангерт-Друнс, Кулик және Морган, Элавар және Корно өз жұмыстарында «формативті бағалау – бұл оқушылармен жүргізілетін кері байланыстың үздіксіз ағымы», «оқушыға әрі қарай жылжуына жеткілікті ақпарат жинауға көмектесетін өз қателерін түсінуге, нақты, түсінікті ұсыныстар және пікірлер» деп көрсеткен.

Кері байланыс түрлері:



жазбаша



ауызша

Жазбаша кері байланыс – бұл мұғалімнің оқушыға берген пікірлердің жазбаша түрде ұсынылуы. Жазбаша кері байланыс сабақта оқушылардың жазбаша жұмыстарын, үй жұмыстарын, өздік, бақылау жұмыстарын, портфолиосын тексеруде қолданылады.

Қарапайым жағдаят	Формативті бағалау ұсынады
<p>Есеп шығарып болған соң мұғалім оқушыға төмендегідей сұрақ береді: -Асан, қатеңді қайда жібергенінді түсіндің ғой? Оқушы: -Иә, -деп, орнына отырады</p>	<p>Есеп шығарылып болған соң мұғалім оқушыға төмендегідей сұрақ береді: -Қай тұста сен қате жібердің? Оқушы қате жіберген амалды көрсетеді. Мұғалім: -Неліктен сен осы амалды дұрыс орындамадың? Қане, көрейік. Оқушы амалды алдын қалай орындағанын және жауабы дұрыс болу үшін кейіннен қалай орындау керектігін айтады</p>
<p>Пікірлер Оқушы орнына тұрып көрелік те, мұғалімнің сұрағына жауап берейік. Сонда біздер шын мәнінде оқушы өзі қателесіп тұрған жерді түсінбей қалғанына да мүмкін екендігін түсінеміз</p>	<p>Пікірлер Проблеманы осылай шешетін болсақ, біз оқушының қай тұста, қай амалда қате жібергендігін анықтап, бағыт берсек, сонда ғана оқушының қатесін түсінгендігін түсінеміз.</p>

5- класс

Самостоятельная работа

выполните действия

а) $0,894 + 89,4 = \underline{1,784}$

б) $241,608 + 24,7 = \underline{2440,15}$

в) $6,4 - 2,96 = \underline{3,56}$

г) $50,1 - 9,323 = \underline{40,787}$?

$$\begin{array}{r} \cancel{0,894} \\ + \cancel{89,4} \\ \hline 1,784 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cancel{241,608} \\ + \cancel{24,7} \\ \hline 2440,15 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cancel{6,4} \\ - \cancel{2,96} \\ \hline 3,56 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cancel{50,100} \\ - \cancel{9,323} \\ \hline 40,787 \end{array}$$

2

Кері байланыссыз берілген күнделікті жұмыстың тексерілуі

Мұғалімдер тәжірибесінде кеңінен пайдаланатын «стандартты» оқушы жұмысын тексеру тәсілі. Жұмыс тексерілді, баға қойылды. Мұндай жұмыс тексеру үлігісі оқушыларға өз білімін жетілуіне көмектеспейді, Керісінше, оқуға деген немқұрайлықты тудыртады, табысты оқушы белгілі тақырып, пән бойынша қызығушылықты жоғалтуы мүмкін

5 класс

Самостоятельная работа.

Выполни действия:

а) $0,894 + 89,4 = 1,788$

$$\begin{array}{r} +0,894 \\ +89,4 \\ \hline 1,788 \end{array}$$

б) $241,608 + 24,7 = 488,608$

$$\begin{array}{r} +241,608 \\ +24,7000 \\ \hline 488,608 \end{array}$$

в) $6,4 - 2,96 = 3,44$

$$\begin{array}{r} -6,40 \\ -2,94 \\ \hline 3,44 \end{array}$$

г) $50,1 - 9,323 = 59,423 = 59,423$

$$\begin{array}{r} -50,100 \\ -9,323 \\ \hline 59,423 \end{array}$$

Решив примеры а) и б) используя следующий алгоритм:

- 1) уравнять в дроби количество знаков
- 2) записать их друг под другом так, чтобы запятая была под запятой;
- 3) выполнить сложение не обрашая внимания на запятую;
- 4) поставить в ответе запятую под запятой в данных дроби.

*Молодец!
В примерах б) и г)
правильно испол-
зован алгоритм
дробей, исправь
ошибку при вы-
читании.*

Төменде берілген кері байланыс арқылы сыныпта оқу үшін жайлы атмосфера қалыптасады

Бұл мысал жазбаша кері байланысты орнатудың тиімді тәсілдердің бірі.

Мұғалім оқушыға жұмысын жақсарту мақсатында нақты ұсынымдар жасай алады (жүйелі қадамдар) Бұл ұсынымдар оқушыға берілген тапсырманы орындауға көмектеседі. Осылайша мұғалім оқушыға өз қателерін ұғынуға және өзі түзетуге мүмкіндік береді.

Осы жазбадан не байқадыңыздар?

Жасыл түспен формативті
бағалау жазылады

Қызыл түспен кері байланыс
жазылады

Кері байланысты қолданғанда мынандай жәйттерді есте ұстаған дұрыс:

- **Кері байланыстың** үйренудің ең тиімді әдісі екендігін ұмытпаңыз, өзіңізге қажетті екендігін де естен шығармаңыз. Бұған қоса кері байланысты жұмысымызды жақсартудың, өз олқылықтарымызды түзетудің ең тиімді нысаны деп қабылдау керек. Сол себепті кері байланысты сабырлықпен және іштей болса да ризашылықпен қабылдау керек.
- **Кері байланыс** әрқашан да субъективті болады, өйткені ол біреудің өзіндік пікірі. Осы тұрғыдан алғанда кері байланысты ақиқат деңгейіне шығарудың қисыны жоқ шығар. Оны басқа адамның бағасы деп қабылдап, оның еш міндетті емес екендігін естен шығармаған абзал. Бізге қандай да кері байланыс берілсе де оның тиімді/тиімсіздігін, пайдалы/пайдасыздығын өзіміз өлшейміз және бағалаймыз, оны қабылдау не қабылдамауды өзіміз шешеміз.

Кері байланысты ұсынғанда мынандай ережелерді ұстанған дұрыс:

Позитивті болу

Бағалаушы болмау

Кеңес бермеу, үйретпеу, тек ұсыныс жасау

Сыпайы болу

Тең ұстау

Сәттілікке бағыттау

Тыңдай білу

Мадақтай білу

Оқушылармен байланыс барысында жүргізілетін рефлексия түрлері:

- **Физикалық рефлексия (үлгердім-үлгермедім)**
- **Сенсорлық рефлексия (өзін сезінуі: жайлы-жайсыз)**
- **Интеллектуалдық рефлексия (не түсіндім, не ұқтым –не түсінбедім, қандай қиындықтарға тап болдым)**

**Рефлексияны міндеттеріне қарай
келесідей етіп классификациялауға
болады:**

- **Көңіл-күй және эмоциялық жағдайдың рефлексиясы**
- **Іс-әрекет рефлексиясы**
- **Оқу материалы мазмұнының рефлексиясы**

Рефлексия тәсілдері

Көңіл-күй және эмоциялық жағдайдың рефлексиясы

Бет әлпеті бейнеленген карточкалар
(көңілді-көңілсіз)




Көңіл күйіміздің суретін салайық



сабақ басында



сабақ соңында



Іс-әрекет рефлексиясы

Бұл рефлексия түрі үй тапсырмасын тексеруде, топтық, жұптық немесе жеке жұмыстарды қорғауда қолданылады, себебі оқу материалымен жұмыс жасау тәсілдерін түсінуге, басқа да әдістерді ізденуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, сабақ соңында да қолдануға болады, өйткені әр оқушының белсенділігін анықтауға мүмкіндік береді

Пантомима

Оқушылар пантомима арқылы өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуі тиіс





Қолын жоғары көтерсе –
өз жұмысына риза
болғаны

Басын төмен қаратса –өз
жұмысына
қанағаттанбады

Бетін қолымен жапса –
жұмысқа немқұрайлы
қарады



Поезд



Оқу материалы мазмұнының рефлексиясы

Оқушылардың өтілген материалды қай деңгейде түсінгенін анықтауға бағытталған. Әдетте бұл рефлексия түрі сабақ соңында қорытынды жасау мақсатында қолданылады. Әр оқушы сабақ басында қойылған мақсаттарға жетуде не жасағанын, өз белсенділігін, сынып жұмысының тиімділігін, таңдалған жұмыс түрлерінің пайдалылығын бағалауға бағытталған

Рефлексивті экрандағы сөздер тізбегі

Оқушылар экраннан сөздер тізбегін таңдай отырып, тізбектей, өз ойын бір сөйлеммен айтады

-қызық болды.
-қиын болды.
- Мен тапсырмасын орындадым
- Мен түсіндім
- Енді мен істей аламын
- Мен сезіндім
- Мен өзіме алдым
- Мен үйрендім
- Мен жасауды үйрендім
- Мені таң қалдырды
- Сабақ маған өмір үшін берді
- Мен қалап кеттім

Архиватор 3,2,1

- Ең қатты ұнаған 3 сәт
- Өз жұмысыңызда қолданам деген 2 сәт
- Сұрақ беруге түрткі болатын 1 сәт

**Бүгінгі шеберлік сағаттарға
рефлексия жасап көрелік**

ПОПС -формуласы әдісі



Рахмет!

Сау болыңыздар!

Аллаға әуелі рахмет!
Тірлікті мынау жаратқан.
Анаға шексіз рахмет!
Ақ сүт берген, толғатқан.
Әкеге айтам мың алғыс!
Ұрпақтар жібін тарқатқан.
Бауырға туған рахмет!
Қолдаған, сүйген, жұбатқан.
Ұстазға ұлы рахмет! Нәрімен білім
сусатқан. Балалық досқа рахмет!
Қуанған бірге мұңдасқан.
Сол жанға айтам мың алғыс!
Сезімі үшін жылытқан.
Халқыма туған рахмет!
Шыңдаған, елге танытқан.
Қазаққа дархан рахмет!
Салт-санасын сіңірген.
Жеріме байтақ рахмет!
Таза ауа үшін сімірген.
Барша әлем, саған рахмет!
Әр күнім үшін кешірген.